

Хаттама

Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының Қамқоршылық кеңестің отырысы

Тараз қаласы

05.10.2021 ж.

Қатысқандар:

1. Садыкова Айман Садыковна - Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, Облыстық іскер әйелдер қауымдастығының «Білім және әйелдер» секциясының жетекшісі, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Тараз қаласының құрметті азаматы;
2. Кайназарова Амина Рысбековна- Тараз қалалық маслихатының депутаты;
3. Тулемисова Бахыт Отарғалиевна - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі;
4. Есмаханова Гульнара Жанкеновна – Жамбыл облыстық балалар мен жасөспірімдердің «Балалық –шақ – Детство» газетінің редакторы;
5. Абдекова Назима Мәмбетқызы - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, «Казпочта» АҚ Жамбыл облыстық филиалының ардагері, қайырымдылық жасаушы;
6. Мейрханова Айжан Дукенбаевна – Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының директоры;
7. Балаларды қолдау орталығының қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. 2021 жылдың 3 тоқсанында орталықта жүргізілген іс – шаралар туралы есебі.
2. Жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындық.
3. Мекемеге көрсетілген демеушілік көмек туралы есебі.
4. Әр түрлі сұрақтар.

Кеңес отырысын Қамқоршылық кеңестің төрайымы А.Садыкова ашты. А.Садыкова бүгінгі отырыстың күн тәртібімен таныстырып, бірінші сұрақ бойынша Орталықтың директоры А.Мейрхановаға Орталықта 2021 жылдың 3 тоқсанында жүргізілген жұмыстар есебін баяндап беру үшін сөз берді.

Орталық директоры А.Мейрханова өз баяндамасында:

Бүгінгі таңда Орталықта 89 бала тәрбиеленуде, оның ішінде: 15 жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғаны - 36, ата-анасының қадағалауынсыз қалғаны-32, сот шешімімен арнайы мектепке жіберілгені-6.